

Ақтөбе қаласының Красный көшесін Сәкен Сейфуллин атындағы қоше деп қайта атау туралы

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2017 жылғы 30 мамырдағы № 175 қаулысы және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2017 жылғы 30 мамырдағы № 148 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 шілдеде № 5578 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 және 27-баптарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы "Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы" № 138 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы қорытындысына, Ақтөбе қалалық мәслихатының тұрақты комиссиясының өткізілген көпшілік тыңдауының хаттамасына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысына және мәслихаттың шешіміне қосымшаға сәйкес, Ақтөбе қаласының Красный көшесі Сәкен Сейфуллин атындағы қоше деп қайта аталсын.
2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Ж.Нұргалиевке жүктелсін.
3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Сессия төрагасы,
облыстық мәслихаттың
хатшысы

Б. САПАРБАЕВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

2017 жылғы 30 мамырдағы № 175/148 Ақтөбе облысының әкімдігінің бірлескен қаулысына және мәслихаттың шешіміне қосымша

Ақтөбе қаласының Красный көшесі Сәкен Сейфуллин атындағы қоше деп қайта атау туралы схемалық карта

2017 жылдың 20-и № 145/14Р

Акыбек қаласынан Красный көштегі Саен Сейфулдин атындағы көне атындағы атындағы мемориалдың
коридорын және мемориалдың шеңберине



Акыбек қаласының 20-и Акыбек қаласының мемориалдың коридорын және мемориалдың шеңберине	Красный коридор Шеңбер
<i>[Signature]</i> С. ШИЛДЕВОЯ	<i>[Signature]</i> Красный коридор Шеңбер